

Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1806. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 60 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 4 орынбасарын, соның ішінде біреуі бірінші, сондай-ақ саны 7 адамдық алқа ұстауға рұқсат берілсін <*> .

<*> Ескерту: 2-тармағында өзгертулер енгізілген - ҚРҰ-нің 01.17.1996 ж. N 63 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратына 5 қызметтік жеңіл автомобилі лимиті белгіленсін <*> .

<*> Ескерту: 3-тармағында өзгертулер енгізілген - ҚРҰ-нің 01.17.1996 ж. N 63 қаулысымен.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 маусымдағы N 819 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 21,

238-бап) қаулысының 3,5,14-тармақтары;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 маусымдағы N 819 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 шілдедегі N 1043 қаулысы Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 26, 309-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

№ 1806 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Ынтымақтастық стратегиясы және ұйымдастыру басқармасы

Экономикалық ынтымақтастықты дамыту басқармасы

Көпжақты және екі жақты шарттарды жүзеге асыру басқармасы

Әлеуметтік бағдарламалар және экология саласындағы

ынтымақтастық басқармасы

Ұйымдастыру-қаржы басқармасы